



# Темперамент



# Темперамент

Жоспар:

1. Темперамент туралы жалпы ұғым
2. Темпераменттердің психологиялық сипаттамасы
3. Темпераменттерді тәрбиелеу мәселесі




## Дем алайық !

Шапсырма: сіз орындақта дем алып отырғансыз, қасыңызда сіздің бас қуіміңіз жатыр.

Қасыңызға бір адам жақындап келіп сіздің бас қуіміңізге отырды. Сіздің реакцияңыз.

Суреттен көрсетіңіз



## Шапсырманьың нәтижесі

*Егер сіз № 1 суреттегідей реакция танытсаңыз,  
онда сіз бұл жағдайда сангвиник темпераментін көрсеттіңіз.*

*Егер сіз № 2 суреттегідей реакция танытсаңыз,  
бұл жағдайда сіз меланхолик типін танытып тұрсыз.*

*Егер сіз № 3 суреттегідей реакция танытсаңыз,  
онда сіз холерик темпераментін көрсетіп тұрсыз.*

*Егер сіз № 4 суреттегідей реакция танытсаңыз,  
онда сіз флегматик типі көрсетіп тұрсыз.*

**Темперамент** (лат. *temperamentum* - бөліктердің қажетті арасалмағы) адамның психикалық іс-әрекетінің динамикасын сипаттайтын тұрақты жеке ерекшеліктердің: психикалық процестер мен күйлер ағысы қарқындығының жылдамдығының ырғағының - жиынтығы. Темперамент дегеніміз психикалық процестердің өтуінің динамикалық ерекшеліктерін және адам мінез-құлқын, олардың күшін, жылдамдығын, пайда болуын, тоқталуы мен өзгерісін сипаттайтын қасиеттер жиынтығы




\* *Ежелгі Греция ғалымы, дәрігер*

## *Гиппократ*


Төрт түрлі сұйықтықтың араласуының пропорциясын грекше “красис” деп атаған, ал латын тілінде бұл терминді *темпераментум* деп атап кеткен.

Темпераменттер төрт түрлі сұйықтық заттарға байланысты: денені жылытатын – қан, салқындататын – шырын, құрғататын – бауырдағы өт және оған дымқылдық беретін қара өт (талақ).





Организмде қанның пропорциясы артық болса, ол сангвиникалық (лат. “сангиус” — қан), ал шырын басым болса (гр. “флегма” — шырын) флегматик темпераменті деп, ал организмде қара өт басым болса меланхолик (гр. “мелайне — холе” — қара өт), сары өт басым болса, холерик (гр. “холе” — өт) темпераменті деп те аталды.



Неміс философы *И.Кант* өзінің “Антропология” деген еңбегінде темпераменттің 4 түрі туралы толық психологиялық сипаттама береді. Бірақ ол темперамент пен мінез ұғымдарын бір – біріне балама ретінде қарастырды.

Неміс анатомы *Гейне* темпераменттердің түрліше болуы жүйке жүйесінің тонусына байланысты десе, орыс антропологы *Н.Л.Зеланд* ми қабықшасындағы молекулярлық қозғалыстың жылдамдығы мен біркелкілігіне байланысты деді.

Орыс педагогы *П.Ф.Лесгафт* темпераменттерді қан сауыттарының жуандығы мен кеңдігіне байланысты деп тұжырымдады.





# И.П.Павлов бойынша адамның жүйке жүйесінің типтері

## *Сангвиник*

- Ширақ
- Жүйке жүйесі күшті
- Қозуы мен тежелуі тең
- Қозғалғыш адам

## *Холерик*

- Ұстамсыз
- Жүйке жүйесі күшті

## *Флегматик*

- Жүйке жүйесі күшті
- Қозғалысы баяу
- Қозуы мен тежелуі тең

## *Меланхолик*

- Жүйке жүйесі әлсіз

Темпераменттердің түрлері (Гиппократ терминологиясы бойынша)	Жүйке жүйесінің типтері (И.П. Павлов терминологиясы бойынша)	Жүйке процестерінің (қозу, тежелу) қасиеттері		
		Күші	Тепе - теңдігі	Қозғалғыштығы
Холерик	Ұстамсыз тип	Күшті	Тең емес (қозуы тежелуінен басым)	Қозғалғыш
Сангвиник	Ширақ тип	Күшті	Тепе – тең	Баяу қозғалады
Флегматик	Баяу тип	Күшті	Тепе – тең	
Меланхолик	Әлсіз тип	Әлсіз		



Гипократ  
(V в. до н.э.)

... адамдар өмірдің негізгі «сәулелері» арқылы өзімен ерекшеленеді

- Қыс
- Флегма
- Сарыот
- Қараот

Темперament типтері адамдар бір-біріне басымдылығына тәуелді



Клавдий Гален  
(II в. до н.э.)

- Саятхан (sanguis) - «қызыл»
- Флегма (phlegma) - «флегма»
- Холери (chole) - «сары»
- Меланхолик (melan chole) - «қараот»

Сәйім температуреті мен іс-әрекет температуреті 2 түрге бөлініп, 4 температуреті жиналған береді



Имануил Кант  
(1724-1804)

- Сәйім температуреттері
- Саятхан
  - Меланхолик
- Іс-әрекет температуреттері
- Холери
  - Флегма



Эрнест Крамер  
(1888-1964)

Қандай да бір дене бітімі бар адамдар белгілі бір конституциялық ерекшеліктерге ие болады

- 4 конституциялық типтер
- ЛЕПТОСМАТИК
- ПИКИНИК
- АТЛЕТИК
- ДИСПЛАСТИК

- Шама талем
- Икпә талем
- Цикло талем



Уильям Шелдон  
(1896-1977)

Дене құрылымы температуретті анықтайды

- ЭНДОМОРФТЫ
- МЕЗОМОРФТЫ
- ЭКТОМОРФТЫ

- Висцеротония (viscera - «ішкі ағзалар») - «ішкі»
- Соматония (soma - «дене») - «дене»
- Церебротония (cerebrum - «ми») - «ми»

Психологиялық қылымдар конституциялық типтермен байланысты, әрбір типке өзінше өзінің өзіне тән қылымдары бар. Осы теориялардың басты маңызы олардың психологиялық қылымдарымен байланыстылығын ортамен анықтайтын маңызы бар екендігін, кейбір типтердің өзінше өзіне тән қылымдары бар екендігін анықтайды.

Мінез-құлқымың айырмашылығын білгенімнен кейінгі өз жұмыс маңысымға қарап қарап, олардың ұстанарлығы мен қылымдары

Психологиялық қылымдар - қылымдар адамдардың байланыстылығын анықтайтын ерекшеліктердің жинағы



Иван Петрович Павлов  
(1849-1936)



Ганс Айзенк  
(1916-1997)

Темперament жөніндегі ілімдердің тарихы



Темпераменттің конституционалдық негізін салғандар: *Э.Кречмер*, *У.Шелдон*. Бұл теорияға сәйкес адамдардың темпераменті дене бітіміндегі айырмашылықтармен анықталады. Осыған байланысты дене бітімінің төрт типін *Э.Кречмер* ажыратты.



## *Ұлылардан – ұлағат*

Темперамент тәжірибенің арқасында ортаның ықпалымен ...дамып жетіледі...ол адамның дара өзгешеліктерімен, ақылдың жетілуімен, ерік, адамгершілік сипаттарының толысу дәрежесінен, қоғамдық игілігінің қалыптасуымен байланысты және осы сипаттарға тәуелді дамиды.

Сәлкен Балаубаев

**Темперамент деп ...адамның жүйке саласының туыстан берілетін ерекшеліктерінің жиынтығын айтады... Темпераменттер түрлі жағдайлардың әсерімен өмір сүру барысында аздап өзгеріске түсіп отырады. Төлеген Тәжібаев**

**Холерик**

**Флегматик**

***Темперамент***

**Сангвиник**

**Меланхолик**

# Холерик



Бұл темперамент өкілі тездігімен, шапшандығымен, ұстамсыздығымен, тым қозғалғыштығымен ерекшеленеді. Оларда психикалық процестер шапшаң өтеді. Күйгелектік сондай адамдарға тән. Ол жұмыс істеуге жақсы қарқынмен кірісіп, күші таусылғанда оны тастап кете береді. Адамдармен қарым-қатынаста тынымсыз, агрессивті, шамданғыш болып келеді. Сондықтан холерик болған жерде ұрыстар жиі болады. Холерик темпераментінің жағымды жағы - энергия, белсенділік, құштарлық, инициативтік. Жағымсыз жағы - ұстамсыздығы, қаталдық, қатаңдық, шамдану, ыза. Мысалы, кіші холерик оқушыдан талпыныс пен құштарлық ерекше көзге түседі. Тіпті партада мұғалімді тыңдап отырған холерикті анық мимика мен энергетикалық белгілер арқылы ажыратуға болады. Тақтада жауап бергенде, кіші оқушы бір аяқтан екіншісіне ауыстырып тұрады, өте жылдам жауап береді.



# Флегматик



Бұл типтің өкілі баяу, байсалды, асықпайды. Істі ойланып, төзімділікпен істейді. Жинақылықты, қалыпты жағдайды ұнатады. Өзгерістерді ұнатпайды. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізеді. Психикалық процестер флегматикте баяу жүреді. Бұл баяулық оған оқу жолында кедергі келтіреді, ең кедергі келтіретін жері: тез есте сақтау, тез ойланып жауап беру. Кейде флегматиктер жамандықты есте сақтап қалады және ұзақ мерзімге. Адамдармен қарым-қатынаста флегматик бірқалыпты, байыпты, керек жерде тіл табысады, ал орынсыз сөйлемейді. Көңіл- күйі тұрақты. Олардың байыптылығы мен байсалдылығы өмірге деген көзқарасынан да көрінеді. Флегматикті ызаландыру немесе эмоционалды әрекет жасау оңай емес, ол ұрыс- керістен аулақ жүреді, оны әртүрлі қиыншылықтар тепе-теңдігінен шығармайды. Флегматикті дұрыс тәрбиелегенде іскерлікті, талапшылдықты орнатуға болады. Бірақ жағымсыз жағдайларда оларда әлсіздік, жалқаулық пайда болады.





# Сангвиник



Бұл тип өкілі- еті тірі, қабілетті, қозғалғыш оқушы. Ондай оқушы ақкөңіл және қызу, жеңіл мінезді, ренжігенде тез қайтып кетеді, сәтсіздігін жеңіл өткізеді. Коллектив арасында жүргенді ұнатады, басқа оқушылармен тез тіл табысады. Қысылып-қымтырылмайды, кісіге қайырымды. Сангвиниктерді оқу үрдісінде бақылаған жақсы, яғни оқу үстінде олар қасиеттерін айқын көрсетеді. Егер оқу материалы қызықты және жас ерекшелігіне сай болса, онда кіші оқушы жаңа берілген материалды тез қабылдайды, жеңіл есте сақтайды. Ал егер материал қызықсыз және оны оқу үшін көп уақыт қажет болса, онда оқушы оны есте ұзақ уақытқа сақтай алмайды. Сангвиниктерді дұрыс тәрбиелегенде, оны жоғары дәрежеде жетілген бірлік және қайырымдылық сезімі оқуға деген белсенділігі ерекшелендіріп тұрады. Жағымсыз жағдайларда, жүйелілік пен бірізділік жоқ кезде, сангвиникте жеңілтектік, бейбастық, шашыраңқылық байқалады



# Меланхолик



Бұл темперамент өкілінде психикалық процестер өте баяу жүреді. Қатты тітіркендіргіштерге жауап бере алмайды, ұзақ және қатты күш түсірсе, олар жұмыс істей алмайды. Олар өте тез шаршайды. Бірақ қалыпты қоршаған ортада, мысалы, үйде ондай балалар өздерін жақсы ұстап, іс-әрекеттерді жақсы орындайды. Эмоциялары баяу туады, бірақ тереңдігімен және күштілігімен ерекшеленеді. Олар өте сезімтал, реніштерін іште сақтап, оларды көп ойлай береді, бірақ сондай қиыншылықтар бар екенін ешкімге көрсетпейді. Меланхоликтер тұйық, таныс емес адамдармен сөйлеспейді, жаңа ортада қатты қысылады. Жағымсыз жағдайларда ауруға айналған осалдық, қысылу, көңілсіздік, пессимизм пайда болады.





# Әртүрлі типтегі адамдарға мамандық таңдауда берілетін кеңестер



# Сангвиник

**Жұмыстың типі:** жұмысқа деген үлкен қабілеттілік, ортаға тез бейімделеді, бір мезетте бірнеше жұмысты орындай алады.

Жаңа жұмысқа үлкен қызығушылықпен кіріссе де тез суып қалады, жаңа бір жұмысқа ауысқысы келіп тұрады. Ұйымдастырушылық қабілеті жақсы.

Жауапты және қауіпті жерлерде жақсы жұмысшы. Жаңа мамандықтарды тез меңгере алады. Қол астындағы сангвиник жақсы жұмыс жасау үшін оның алдына үздіксіз жаңа да қызықты тапсырмалар қою шарт

**Сәйкес келетін мамандық түрі:** менеджер, мұғалім, дәрігер, психолог, тәрбиеші, ұйымдастырушы, сатушы, даяршы, инженер-технолог, жақсы жүргізуші, із кесуші т.б

# Холерик

**Жұмыстың типі:** үлкен энергия жұмсайтын жұмыс түрлері сәйкес келеді. Қиындықтар мен кедергілерді оларды жеңуді ұнатады. Жұмысқа тез кіріседі. Жоспарын іске асыра алады. Біреуге бағынғаннан гөрі өз бетінше жұмыс істегенді ұнатады. Айтқаннан қайтпайды. Холерикпен жұмыс жасағанда байқау керек, ескертпелердің орнына қателіктерін түзейтін тапсырмалар берген жөн.

Холериктер флегматиктермен, меланхоликтермен жақсы жұмыс жасай алады, бірақ екі холерикті біріктіруге болмайды, олар бақталасып, шиеленіске келіп қалуы мүмкін.

**Сәйкес келетін мамандық түрі:** телеоператор, әртіс, дипломат, журналист, кәсіпкер, керемет ұшқыштар, каскадерлер т.б

# Флегматик

**Жұмыстың типі:** флегматик жұмысқа да, оқуға да жәйбасар.

Дайындық кезеңіне көп уақыты кетіп қалады. Шыдамдылығымен табандылығы арқасында үлкен жетістіктерге жетеді. Бір сарынды жұмысты сүйеді. Лидер, ұйымдастырушы болуды қалай қоймайды. Жұмыс жағдайы өзгере қалса еңбек өнімділігі тез төмендеп қалады. Асықпай шешім қабылдауға жақсы. Қол астында флегматиктер жұмыс жасайтын болса олармен үнемі белсенді байланыста болу керек, мадақтап, түрлі жұмыстарға тартқан жөн. Адамдармен араласқаннан гөрі компьютермен жұмыс жасағанды ұнатады. Егер медицинаны таңдаса онда хирургтен гөрі жақсы терапевт шығады.

**Сәйкес келетін мамандық түрі:** бухгалтерия, экономика, агроном, инженер, жүргізуші, ғылыми – ботаник, астроном, физик, математик, электрик.

# Меланхолик

**Жұмыстың типі:** меланхоликтердің жұмысқа қабілеттілігі көңіл – күйлеріне байланысты, тез шаршап қалуы мүмкін. Қиындықтары мен қысымы мол мамандықтар қайшы келеді. Жаңа ортаға қиын бейімделеді.

Жұмыста меланхоликтерге үнемі қолдау мен демалыс қажет. Олар өте байқампаз.

Халықпен жұмыс жасайтын мамандықтарды таңдамаған жөн, керісінше өз бетінше компьютермен жұмыс жасаған оларға ұнайды.

**Сәйкес келетін мамандық түрі:** педагог, өнер саласы, модельер, композитор, жазушы, мал дәрігері, геолог, агроном, зоотехник, радиомеханик.

Артық болмас білгенің...





# Темпераментке байланысты қарым – қатынасқа түсуі

**Холерик**

**Сангвиник**

**Флегматик**

**Меланхолик**



**Салмақты  
Байсалды**

**Өзіне  
бағындырады,  
Үстем,  
Айтқанынан  
қайтпайды**

**Көңіл  
көтергіш,  
Әзілқой**

**Тәуелді,  
Ойын ашық  
айтпайды**

# Темпераментке байланысты өзін-өзі бағалауы

**Флегматик**

Қарапайым  
Өзін - өзі  
бағалауы  
төмен

**Холерик**

Тұрақсыз,  
Мақтанғанды  
ұнатады

**Сангвиник**

Лидерлікке  
ұмтылыс,  
Бақталас

**Меланхолик**

Өзін - өзі  
бағалауы  
өте төмен  
Кейінге  
ысырылып  
қалғанды  
ұнатады

# Темпераментке байланысты өзіне

## деген сенімділік



*Флегматик*

*Холерик*

*Сангвиник*

*Меланхолик*

Өз - өзіне  
деген  
сенімділігі  
жоқ,  
Өзін қатты  
уайымдайды,

Өз - өзіне  
сенеді,  
Әлсіз  
жақтарын  
жасырады

Сәттілі -  
ктерге  
сенеді

Өзіне - өзі  
сенбейді,  
Сәттіліктерге  
сенбейді

# Қозғалысы мен жүрісі

Жәйбасар,  
Қалықтап  
жүреді

Алға ұмтылып  
тез жүреді,  
Өте жылдам

Флегматик

Холерик

Сангвиник

Меланхолик

Қозғалмалы,  
Жылдам

Жәйбасар,  
өте сақ жүреді



# Тапсырмалар




**Тапсырма №1.** Көп нүктенің орнын тиісті сөздермен толтыр.

1. Темперамент ... сапаларынан туындайтын ... ерекшеліктері.

2. Темперамент жөніндегі физиологиялық ілім ... бастау алады, ол темперамент типінің 4 типін: ..., ..., ..., ... бөліп көрсетті.



**Тапсырма №2** Жұп түсініктер келесі арақатынастардың қайсысына жатады?



1. а) психика - в) темперамент;
2. а) темперамент - в) мінез;
3. а) темперамент - в) эмоция;
4. а) қозғалыс сферасы - в) темперамент;
5. а) темперамент - в) экстраверсия;
6. а) темперамент - в) жүйке жүйесінің күші;
7. а) сангвиник - в) холерик.

## Тапсырма №3 «Сәйкесін тап»

1. Самал 2-сынып оқушысы. Ойында белсенді, көбіне әскери ойындарды ойнағанды ұнатады. Өте қозғалғыш. Елгезек. Тіл алғыш. Жан-жағына жалтақтап отырады. Қолы тыным таппайды. Түрлі әсерлерге тез беріледі. Сөзінде селқостық бар.
2. Жібек 1-сынып оқушысы. Өте сезімтал, әсерленгіш, сәл нәрсеге қиналып, көзіне жас алып жылайды. Бірде ол сөмексінен кітабы табылмағанына да жылады. Тез өкпелегіш, өкпесін көпке сақтайды. Балалар арасында енжар.
3. Айбек 4-сынып оқушысы. Өте қозғалғыш, әуесқой, бәрін біліп алуға тырысады. Ақыл-ой әрекеті белсенді жүріп отырады. Мұғалімге сұрақ көп қояды. Тәрбиелеуге оңтайлы, өмірге икемді.
4. Олжас 3-сынып оқушысы. Сабақта тыныш отырады, жанындағы балаларды мазаламайды. Мәселені тез шешуге асықпайды, дауыс екпіні баяу. Өте ұстамды, кез-келген нәрсеге сезімін білдірмейді.

Сангвиник

Холерик

Флегматик

Меланхолик

[ ]



[ ]



[ ]



[ ]



## Тапсырма №4

Темперамент типтері	Жағымды сапалар	Жағымсыз сапалар
Сангвиник	өмірсүйгіш, алғыр, қарым- қатынасшыл, әуесқой	?
Холерик	?	Қозғыш, агрессивті, кикілжіңге тез түскіш, шыдамсыз
Флегматик	?	?
Меланхолик	?	?

**Тапсырма №5** Берілген жағдаяттарды сомдап, темперамент көріністерінің ерекшеліктерін көрсету. Көрініске әр топтан 1 адамнан қатысып, берілген темперамент типін көрсетеді.

1 жағдаят. Поликлиникада өте көп адамдардың арасында 2 сағаттан астам уақыт кезекте тұрсыз. Барлығы шаршаңқы, ашулы, біраз уақыттан кейін дәрігердің ем қабылдауы аяқталады. Кенеттен, кабинет есігіне орта жастағы белсенді, пысық, алғыр әйел адамның кіріп бара жатқанын байқадыңыз. Әрбір темперамент типі қалай жауап қайтарар еді?

2 жағдаят. Сізге емтиханда 2 деген баға қойды. Әрбір темперамент типі қалай жауап қайтарар еді?

# Рефлексия

Өзіңді 3 баллдық шкала бойынша келесі критерийлермен бағала.	1	2	3
Мен «темперамент» анықтамасын құрастырып айта аламын			
Мен әрбір темперамент типіне сипаттама бере аламын			
Оқу процесінде темпераментті ескеретін ұсыныстарды құра аламын			
Мен қарым-қатынаста темпераменттің ерекшеліктерін ескере аламын			
Мен сабаққа белсенді қатыстым.			
Менің ұпайым:			

*Қуанышпен қайғы да **сангвиник** болыңыз,  
Өміріңізде маңызды жағдай болғанда  
**меланхолик** болыңыз,  
Кез келген затқа қызығушылық танытқыңыз  
келсе – **холерик** болыңыз,  
Шешім қабылдауда **флегматик** болыңыз.*



**Вильгельм Вундт**